

Д.А.Әлиева<sup>1</sup>, С.С.Сейтенова<sup>2</sup>, Ж.А.Есқазина<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті;

<sup>2</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті;

<sup>3</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: martbek3@mail.ru)

## Оқытудағы Кембридж тәсілінің тиімділігі

Мақалада Кембридж тәсілінің оқытудағы тиімділігі қарастырылды, яғни оның теориялық негіздері оқыту әдістемелері арасында кең тараған және орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал әдістер болып табылады. Атап өтетін жайт, оқытудағы сындарлы тәсіл студенттерге өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, тиісті сұрақ қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар аталмыш үдерістердің сипаты, студенттің өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады.

*Кілт сөздер:* кембридждік оқыту, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау, бағалау тәсілдері, оқыту мен оқудағы тәсілдер, топтық оқыту, сындарлы тәсіл, бағалау өлшемдері, сабақ үдерісі, әдістер.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев кезекті бір Жолдауында: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін — білім», — деген болатын. Заман талабына сай білім дегеніміз — жаңа технологияларды меңгеру, оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдері бойынша көш басында келетін елдердің тәжірибесін пайдалану, сол елдермен білім жағынан иық теңестіретін дәрежеге жету. Осы орайда Елбасымыздың мына бір сөзін де келтіріп кетуге болады: «Терең білім — тәуелсіздіктің тірегі, ақыл-ой — азаматтығымыздың алдаспаны».

Тұғыры биік тәуелсіздігіміздің ғұмыры мәңгі болуы үшін білімді, саналы ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Өйткені еліміздің болашағының жарқын болуы жастардың қолында. Жастардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына бірден бір әсер ететін ең алдымен ұстаз екені даусыз. Бұл туралы қазақтың ұлы ағартушы ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны — мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болады. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шығады. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі — білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», — деп айтқан болатын. Сол себепті ұстаздарға қойылатын басты міндеттердің бірі — оқытудың жаңа технологияларын меңгеру, өзгермелі өмірге дайын, жан-жақты, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыруда сындарлы оқыту бағдарламасының маңызы зор. Оқытудың мақсаты оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету болып табылады [1].

Бағдарламаның өзектілігі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарымен және міндеттерімен үйлеседі, ал мемлекеттік бағдарламаның басымдықтары, өз кезегінде білім беру саласында көшбасында келетін Финляндия, Сингапур және Ұлыбритания секілді прогресшіл елдерге тән заманауи мақсаттармен және құндылықтар жүйесімен барабар [2].

Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламаларын оқытудың тиімділігі курсы бойынша білім беру жүйесіне байланысты көптеген жаңашыл әдіс-тәсілдерді үйретті. Бұл бағдарламаның негізгі міндеті — болашақ мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіріп бағалауға көмектесу. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері оқытушының күнделікті тәжірибесі және кәсіби мәнмәтінмен өзара байланыста қарастырылды.

Осы «Қазақстан Республикасын педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы» бойынша өткізілген курсты оқу барысында (оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер: сын тұрғысынан ойлауға үйрету; оқу үшін бағалау және оқуды бағалау; оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану; талантты және дарынды балаларды оқыту; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және

оқу; оқытуды басқару және көшбасшылық) жеті модуль бойынша өткен тәсілдердің барлығы да тиімді. Өйткені топпен жұмыс барысында студенттердің топтық, ұжымдық оқытуда, оның ішінде диалогтық оқыту барысында ерекше белсеніп жұмыс жасайтындары бізді қызықтырды. Осы курстың да негізгі мақсаты — студенттің білім алуға, оқуға деген белсенділігін қалыптастыру. Диалогтық оқыту тәсілінде студенттердің сөз саптаулары жетіліп, сөйлеу шеберліктері қалыптасады және тіл байлықтары молаяды. Бір бірімен, топпен жұмыс жасау барысында тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне, бір бірінің идеяларын ортаға салуға қалыптасады. Осы курста өткен модульдарды тәжірибеде көрсету барысында бұл тәсілдердің тек оқытушы үшін ғана емес, студентке де тиімді екеніне көз жеткізілді. Себебі, сабақ барысында қандай тақырып немесе қандай сабақ түрі (дәріс, семинар т.б.) болмасын ұжымдық жұмыстың рөлі ерекше. Топтық жұмыста ресурстарды пайдалануда, өз-өздерін, топты бағалауда, бағалау критерийларын құруда студенттердің білімдерінің қаншалықты озық екені байқалады. Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда уақытты ұтымды пайдалануға, сабақ жоспарының құрылысына өзгерістердің енгізілуіне басты назар аударылған. Әрине, дәстүрлі оқыту жүйесін де жоққа шығаруға болмайды, дегенмен де қазіргі таңда осы ағылшын профессорларының оқытудағы Кембридж тәсілінің теориялық негіздері оқыту әдістемелері арасында кең тараған және орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал әдістер екеніне көз жеткізіп отырмыз. Осы оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдері бойынша сабақ өткізу барысында студенттердің де көзқарастары әлдеқайда өзгерді. Студенттер әрбір сабақ бойынша өздерінің топқа берген кері байланыстарынан, оқытушыға берген бағаларынан, стикерлерге жазып қалдырған пікірлерінен түйгеніміз: біріншіден, бұл тәсілдер арқылы студенттер бір-бірімен қарым-қатынасқа еркін түседі; екіншіден, әңгімелесіп отырып, студенттердің сабақты түсіну деңгейлері артады; үшіншіден, өз ойларын бөлісуге асығады, төртіншіден, бір бірін тындап сұрақ қою арқылы бірін-бірі ақпараттармен толықтырып отырады, бесіншіден, пікірлерін еркін айтуға бейімделеді және оқытушымен түсінбеген сұрақтарды толықтыру мақсатында қарым-қатынасқа түсуге дағдыланады. Бұл әдіс-тәсілдер арқылы сабақ өтуде студенттер арасында үлгерімі нашар студент болмайтыны анықталды. Әсіресе сабақта «Сергіту сәттері» мен «Шығармашылық» кезеңде студенттер аса бір қызығушылықпен, бар ынтасымен қатысуға тырысады. Осы курсты оқу барысында алған білім, білік, дағдыларымыз болашақ мұғалімдерді даярлау барысында студенттерге белгілі бір деңгейде білім беруде, оқыту тәсілдерін меңгертуде терең түсінік қалыптастырып, бастапқы білімді жаңа біліммен өзара байланыстыруға да мүмкіндік тудырып отыр.

Курсты оқу барысында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулі негізінде өтілген **диалогтік оқыту** — ұжымдық түсінуді қалыптастыру мақсатында оқушылардың сындарлы қарым-қатынас жасауына ықпал ететін оқыту. Біз практика барысында оқытудың осы тәсілін (диалогтік оқыту) күнделікті сабақта пайдаландық. Диалогтік оқыту тәсілін сабақта қолданудың тиімділігі:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- оқушылардың басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын түсінуіне көмектеседі;
- оқушыларға өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында оқушылардың деңгейін түсінуге көмектеседі.

Осы курс барысында модульдардың ішінде барлық тәсілдер өз ерекшеліктерімен тиімді. Соның ішінде диалогтық оқыту тәсілін біз барлық сабақтарымызда қолдандық. Себебі сабақ барысында диалогтық оқытуды қолданғанда студенттердің берілген сұрақтарды қызу талқылап, өз ойларымен барынша бөліскілері келетіні мені ерекше қызықтырды.

Александр (2004) оқытудағы әңгіме қарым-қатынас жасаудың бір сарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екіжақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс деп тұжырымдайды [1; 35].

Бұл тұжырыммен келісе отырып, диалогтық оқытудың жан-жақты тиімділігіне студенттермен сабақ өткізу барысында көз жеткіздік. Мысалы: тақырыпты ашуда, біріншіден, топтағы басқа мүшелердің пікірі құнды; екіншіден, осы пікір алмасу арқылы сөз сөйлеуге, сөз саптауын, яғни тілдік қорын байытуға; үшіншіден, диалог арқылы еркін пікір алмасуға қалыптасады. Ғылыми зерттеу нәтижелердің өзі сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Сол сияқты Выготский кіші жастағы балаларды танымдық даму әрекеттері әлеуметтік қарым-қатынас үдерісінде, яғни, анағұрлым қабілетті оқушылармен араласу және мәдениет, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау арқылы оқушыларды ересектерше ойлау әдісіне үйрету кезінде қалыптасатын субъекті ретінде суреттейді

[1; 35]. Сондықтан да біз тәжірибе барысында өткен әрбір сабағымызда осы диалогтық тәсілді қолданып отырдық. Диалогтық тәсілдің ең тиімді жері үй тапсырмасын пысықтау кезінде оқытушы мен студенттің арасында қойылатын пысықтау сұрақтарының қойылуы. Диалогтық тәсіл арқылы сұрақтар қоя отырып, студенттің тақырыпты қаншалықты меңгергенін және сұрақ қоюдағы білім деңгейінің дәрежесін анықтауға көп үлесі бар.

Диалогтық тәсілдің тағы да бір ерекшелігі — бұл сабақ барысындағы «шығармашылық кезең». Мысалы: осы тәсіл арқылы «Дүкенде» тақырыбында екі студент диалогқа түседі. Диалог барысында студенттер бір біріне сұрақ қоя отырып, өздерінің білім деңгейлерін, сұрақтың қаншалықты терең немесе жеңіл қойылғанын сұрақтың мағыналық дәрежесіне қарай бағаланатынын көрсетеді. Осы практика барысында осы кезге дейінгі курста оқыған модульдардың ішінде (оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сын тұрғысынан ойлауға үйрету, оқу үшін бағалау және оқуды бағалау; оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану) осы төрт модульдің тәсілдерінің барлығын сабақ беру барысында түгел дерлік қолдандық. Бұл әдістер (диалогтық тәсіл) әдістемені зерттеу барысында А.Байтұрсынов пен Ы.Алтынсарин әдістемелерінде де қолданылған. Осы курсқа дейін бұл тәсілді сұрақ-жауап тәсілі деп қалыптастырсақ, енді осы курстан кейін диалогтық тәсілді күнделікті сабақта қолданудың тиімділігіне көз жеткіздік.

Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Выготскийдің оқуда сөз, сөйлеу негізгі рөл атқаратындығы туралы пікірі тәжірибеге негізделген (эмпирикалық) зерттеулермен дәлелденген. Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтады. Барнс оқудың мұғалімді селқос тыңдағанда ғана емес, вербалды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында да жүзеге асатынын көрсеткен [1; 35].

Сабақта студенттер оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатысу керек: олар өзінің болжамдары мен сұрақтарын тұжырымдайды, бір біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеялармен эксперимент жасайды және қателер — оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіне отырып, тәуекелге барады. Дайындалып келген конспектілері бойынша сұрақтарды өз топтарында талқылап, диалог арқылы сұрақтарды постерлерге жазып түсіреді. Осыдан кейін «Сұрақ — жауап» әдісімен диалогқа түседі, сұрақтарға жауап береді. Шағын топтар бір-бірімен тәжірибе алмасады, яғни постерлар бойынша тақырыпты ашып, түсіндіреді. Постердағы талқыланатын тақырып бүгінгі «табыс критерийлерінің» талаптарына сай болуы керек. Топтық жұмыста топтар өз-өздерін бағалауда «Бас бармақ», «2 жұлдыз, 1 тілек» әдісін пайдалана отырып, диалогтық байланысқа түсіп, берілген сұрақтарды талдау барысында жұлдыз арқылы баға бере отырып, өз ұсыныстарын да білдіруге қалыптасады. Студент оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Студентке бағдарланған оқыту ортасында оқытушы студенттердің сабаққа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілеттері артады.

Мерсер және Ходжкинсон (2008) зерттеулері Барнстың ертеректегі жұмысына негізделі отырып, оқу барысындағы диалог атқаратын негізгі рөлге назар аударуды мақсат етеді. Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін дәлелдер жеткілікті. Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- оқушылардың басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын түсінуіне көмектеседі;
- оқушыларға өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі [1; 9].

Осы айтылған ғалымдардың пікірлерімен келісуге болады. Себебі, диалогтық оқыту арқылы сабақ берудегі ұтымды тұстары, біріншіден, бұл тәсілде студенттер бір-бірімен қарым-қатынасқа еркін түседі; екіншіден, әңгімелесіп отырып, студенттердің сабақты түсіну деңгейлері артады; үшіншіден, өз ойларын бөлісуге асығады; төртіншіден, бір-бірін тыңдап сұрақ қою арқылы бірін бірі ақпараттармен толықтырып отырады; бесіншіден, пікірлерін еркін айтуға бейімделеді және оқытушымен түсінбеген сұрақтарды толықтыру мақсатымен қарым-қатынасқа түсуге дағдыланады. Диалогтық оқыту барысында студенттердің сөз қолдану шеберліктері шыңдалып, сөйлеу мәнерлері қалыптасты. Диалогтық оқыту барысында студенттер бір біріне сұрақ қоюға, ол қойылған сұрақтардың нақты, тақырыптан ауытқымауына, сұрақтардың күрделі болуына ерекше мән беріп, дағдыланды. Диалогтық оқу барысында студенттерге тиімді болған тұстары: сабаққа дайын болмаған

студент топтардың сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсу кезінде, яғни берілген тапсырманы талдау барысында тақырып туралы толық ақпарат ала білді.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады. «Қазақстан Республикасының педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасын» меңгеру барысында өткен тәсілдердің бірі сын тұрғысынан ойлау болып табылады. Бұл тәсілді оқып үйренудегі басты мақсатымыз — қазіргі заман талабына сай студенттің қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын тұлға ретінде қалыптасуына үлес қосу, яғни өзіндік «Мені» қалыптасқан бәсекелестікке жан-жақты дайын мұғалімді дайындау.

Сын тұрғысынан ойлау тәсілінің негіздері мектеп жасынан қалыптастырылады. Мысалы: студент болсын, оқушы болсын өзі тәжірибе жасағанда немесе өз пікірін дәлелдеу жолында өзінің ойын ашық, нақты жеткізудегі идеяларға ынталанады. Курсты оқу барысында әрбір адамның (студенттің) пікірі құнды екеніне көз жеткіздім. Сабақ барысында тақырыпты ашу үшін, біріншіден, дайындық; екіншіден, сол дайындалған тапсырмасын жеткізіп айту үшін сын тұрғысынан ойлай білу керек. Осыдан кейін барып өзінің сыни тұрғыдан ойлағандарын топтық, ұжымдық жұмыста ортаға салып, оны жеткізудегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру қажет. Әрбір студент өз пікірін сыни тұрғыдан ойлап, ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылуы; қалай болса, солай жауап берудің орнына, сұрақ қоюға; эмоцияға емес, себепке негізделу керектігін түсінуі керек. Осы курстың бірінші бетпепет кезеңінен кейінгі практика кезінде сыни тұрғыдан ойлау тәсілін сабағымызда қолданған кезде студенттердің тақырыптар бойынша постерлерін дайындауда өз пікірлерімен қалай бөліскендерін және өз білімдерін нақты бір деректер арқылы дәлелдеуге тырысқандары көрінеді. Студенттер сабаққа дайындалу кезінде жинақтаған ақпараттарын топтық жұмыс барысында ортаға сала отырып, осы дәлелдемелерінің нақты әрі тақырыпқа сай екендігін білуде сын тұрғысынан ойлай отырып, бағалауға кіріседі. Сабақта студенттерге бақылау, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамыту үшін тақырыпты ашуда тек теорияға сүйенбей үнемі шығармашылық жұмыстарын қатыстырып отыру керек. Біз осы сын тұрғысынан ойлау тәсілін қолдануда студенттердің бойынан байқағанымыз: қай шағын топты алсақта өте белсенді екенін байқадық. Олардың белсенділіктерін берілген сұрақтар бойынша сұрақ қоя отырып, оны талдауда, келесі шағын топтарға жеткізудегі дәлелдеулерінде белгілі бір ақпараттарға сүйеніп, сыни тұрғыдан ойлағандарында ерекшелік көрінеді. Бұл біздің қазіргі таңдағы жастардың ойлау қабілеттерінің жоғары, өз айтатын идеяларының тұжырымды екендіктерін әрбір сабақта студенттердің есіне салып отыруға тырыстық. Курсты оқуда түйгеніміз: диалог пен дәйектеуге, пікірталасқа тарту белсенді жүргізілген жағдайда студенттердің оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын олардың сұрақты қызу талқылаудағы көріністерінен байқадық. Сол сияқты өткізген әрбір сабағымызды видеоға, фотоға түсіріп, постерлар мен стикерлерге жазылған деректер мен пікірлерден түйгеніміз: бұл курс біздер үшін, яғни оқытушылар мен студенттер үшін, өте тиімді. Курста өткен жеті модульдің барлық тәсілдері біздің дәстүрлі оқыту жүйесіне енгізіліп отырған ең тиімді әдіс-тәсілдердің негізгісі және тиімдісі болып отыр. Осы сын тұрғысынан ойлау тәсілі бойынша берілген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, диалог арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту Александердің (2001, 2008) диалогтік оқыту теориясына сәйкес, сыныптың қолданбалы зерттеуін зерделер болсақ, ол диалектикалық және диалогтік педагогика тұрғысынан оқушылардың ой-пікірлері назарға болмашы ғана алынатын сыныптағы қарым-қатынастың дәстүрлі моделіне күмәнмен қарайды. Көзбен көру және ауызша ақпарат көздерімен тікелей қарым-қатынас жасау балаларға дәйектеу дағдыларын шынықтыруға және жеке тәсілдермен білім алуға мүмкіндік бере отырып, формалды түрде оқуды азайтады [1; 46]. Бұл теориядағы пікірді практика жүзінде іске асыруда бақылағанымыз; студенттердің берілген ортақ тақырып бойынша диалогқа түсулері және сол өздерінің жинаған ақпараттарын топпен бөлісуде идеяларын жазбаша түрде постерлерге түсіріп, оны ауызша қорғау барысында көрсеткен білімдерінің формалды түрде емес сыни тұрғыдан ойлау түрі басым болып келетіндігі.

Сабақ барысында сұрақ туындаған жағдайда оқытушының ақпарат көзі болуы міндетті емес, студенттер мен оқытушылар бірлесіп интернет көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізе алады, мұғалімдер оқушыларға табылған ақпараттардан қажеттілерін таңдап, баға беріп, іздеудің тәсілдері туралы сын тұрғысынан ойлауға көмектесе алады. Негізінде сын тұрғысынан ойлау тәсілі кезінде

диалогтық байланысқа түсу арқылы студенттер мен оқытушылардың жаңалық ашу мен оқуда өзара қарым-қатынас орнатуы орын алады.

Осы курсты оқу барысында түйгеніміз, осы модульдарды өткендегі әдіс-тәсілдердің барлығы алдағы уақытта студенттерді бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдап, оған өз пікірлерін сыни тұрғыдан айта алатын, қандай жағдайда болмасын айтқан пікірлері мен идеяларын дәлелдеп шығуға үйретеді [3].

Бұл жүйе бойынша тек студенттердің ғана қызығушылығы емес, олармен бірге өзіміздің (оқытушылардың) да қызығушылығы артқанын байқаймыз. Себебі біз әрдайым сабақты бірсарынды өткізуден студентті, оқушыны жалықтырып жібереміз. Ал, жаңа жүйе бойынша сабақ жоспарын жасауда әр күнде әр түрлі «сергіту» сәттерін, «шығармашылық» кезеңдерін де түрлендіріп отырғанды алдымызға мақсат етіп отырамыз. Біздің сабақ өткізудегі мақсатымыз да осы. Бұл мақсатта студенттің сабаққа келу негіздері де соған сайып келеді. Олар «бүгін сабақта қандай жаңашылдық, қандай өзгеріс болар екен» деген үмітпен келеді. Сондықтан да әр кезде сабақты сыни тұрғыдан ойлап, барынша жаңашылдықпен өткізуге тырысамыз.

Бағалау — одан арғы оқу туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Бағалау тәсілі дәстүрлі оқытуда бір ғана тәсілмен белгілі бір талаптармен бағаланып келді. Ал қазіргі жүйе бойынша тек бағалап қана қоймай, сол бағалауға кері байланыс жасалады. Бұл тәсіл студенттердің сабақ туралы, тақырыптың ашылуы, шағын топтардың сабақ барысындағы әрекеттерін стикерлерге жазу арқылы қалдырулары, яғни бағалаулары олардың өз ойларын кері байланыс арқылы айтулары, жоғары жетістік. Оқу үшін бағалау (ОҮБ) оқытуды және осы оқытудағы қолданылатын әдіс-тәсілдерді жақсартуды, сонымен қатар осы әдіс-тәсілдерді іске асыру барысында атқарылатын тәсілдің түрі бағалауда үлкен рөл атқарады. Тәжірибелік сабақ өткізу барысында студенттерге бағалаудағы ең бірінші көңіл аударылатын жайт: ол студенттердің баға үшін емес, өз білімдерінің қаншалықты дәрежеде екенін бағалау үшін оқу керектіктерін басты талап екендіктерін естеріне ұстауға үйрету. «Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Сол сияқты бағалау бұл студент немесе оқушы өзінің осы тақырып бойынша жинақтаған білімін ортаға салуы арқылы бағаланады. Бірінші топтық жұмысты, екінші топтағы студенттердің бүгінгі тақырыпты ашудағы жетістіктерін, сабақ соңында шағын топтардың көшбасшыларының «түйіндеме» жасай отырып, оқытушыға берген «кері байланыс» тәсілінен байқалады. Сол сияқты Оқу үшін бағалау — бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Оқытудағы Кембридж тәсілінің тиімділігі: модульдердің қайсысын алсаңыз да, өзінше бір жаңалығы бар сияқты көрінеді, себебі біздің дәстүрлі сабақ беру жүйесінде де студенттің білімін бағалау тәсілі бар, бірақ олардан туатын қорытынды мен шешім басқа сипатта болады.

Оқытудағы сындарлы тәсіл студенттерге өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, тиісті сұрақ қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Аталған үдеріс студенттің өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Оқытудың бұл түрінде студенттер өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды [4].

Қорыта айтқанда, «Қазақстан Республикасын педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы» бойынша өткізілген курс барысында өтілген жеті модульдегі барлық тәсілдердің тиімділігі студенттерді тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады; студенттердің шынайы қызығушылығын арттырады; білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады; студенттердің сын тұрғысынан ойлауына ықпал етеді; студенттердің бір-бірінен үйренуіне, идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Студентке арналған нұсқаулық: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. — 2015. — 184 б.
- 2 Тренерге арналған нұсқаулық: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. — 2015. — 122 б.
- 3 Perry N.E., VandeKamp K.J. O., Mercer L.K., Nordby C.J. Investigating Teacher-Student Interactions that Foster Self-Regulated Learning. [Өздігінен басқарылатын оқытудың дамуына ықпал ететін мұғалім — оқушы өзара іс-қимылдарын зерттеу]. *Educational Psychologist*, 2002. — 37, 1. — 5–15 б.
- 4 Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118#z0>.

Д.А.Алиева, С.С.Сейтенова, Ж.А.Есказинова

### Эффективность преподавания по методу Кембриджского подхода

В статье рассматривается эффективность преподавания по методу Кембриджского подхода, который является одним из распространенных методов обучения, нашедший отражение в мировой практике. Широко известно, подчеркивают авторы, как высоко оценен эффективный метод в системе обучения среднего образования. Выделен критический подход в обучении студентов, способствующий осознанному обучению посредством правильно поставленных вопросов, а также обогащению знаний и переосмыслению учебного материала в рамках определенной темы. Описаны четкие процессы обучения, подразумевающие критическую оценку своим предположениям, что дает возможность расширить общий кругозор и мировидение студентов.

D.A.Aliyeva, S.S.Seytenova, Zh.A.Eskazinova

### The efficiency of teaching Cambridge method

The article discusses the effectiveness of teaching by the method of Cambridge approach, which is one of the common methods of education, reflected in the world. Widely known as a highly effective method in teaching secondary education. Selected critical approach in teaching students, contributing to osoznanno learning through a properly set-up issues, as well as enriching knowledge and reconsideration of educational material within a particular theme. Describes a clear process of learning, implying a critical assessment of their assumptions. Thus, they provide an opportunity to expand the overall outlook and world-view of students.

#### References

- 1 *Student handbook: «Navarbayev Intellectual School»*, 2015, 184 p.
- 2 *Trainer handbook: «Navarbayev Intellectual School»*, 2015, 122 p.
- 3 Perry N.E., VandeKamp K.J. O., Mercer L.K., Nordby C.J. *Investigating Teacher-Student Interactions that Foster Self-Regulated Learning. Educational Psychologist*, 2002, 37, 1, p. 5–15.
- 4 *The state program of education development for the years of 2011–2020 approved by Decree of The President of the Republic on 7 of December*, 2010, 1118, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118#z0>.